

«Сейфуллин оқулары–12: Ғылым жолындағы жастар - болашақтың инновациялық әлеуеті" атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения–12: Молодежь в науке-инновационный потенциал будущего». – 2016. – Т.І, ч.1. – Б. 163-166

## **АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ, ҚАРАСАЙ АУДАНЫ СУАРМАЛЫ ЖЕРЛЕРІНДЕ ТОПЫРАҚ ҚҰНАРЛЫҒЫН САҚТАУДЫ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЗА ӨНІМДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ОРГАНИКАЛЫҚ ЕГІНШІЛІКТІҢ ТИІМДІ ШАРАЛАРЫН ЖАСАУ**

*Алпысбаев Б.*

Антропогендік үдерістер биосфераға, соның ішінде ауыл шаруашылығына кері әсер етіп отыр. Сондықтан қазіргі заманғы аграрлық сектордың басты міндеті топырақ құнарлылығын сақтай отырып, экологиялық таза өнім алу тәсілдерін қолдану болып табылады. Альтернативті ауыл шаруашылығы жүйесінің ішіндегі органикалық ауылшаруашылығы келешекте өнімділікті төмендетпей осы мәселені шеше алады. Органикалық ауыл шаруашылығы әлемдегі барлық дерлік елдерде қолданылады. Табиғи ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін шаруашылықтардың жері де, саны да күннен – күнге өсіп келе жатыр. [1]

Қазақстан Республикасының топырақ құрамы оның табиғаты, климаты секілді әртүрлі. Бірақ сол жердің, ауыл шаруашылығына арналған жерлерді қоса есептегенде, көп бөлігі әр түрлі антропогендік әсерлерге ұшырауына байланысты нашар хәлде.

Сондықтан, зерттеу мақсатына органикалық ауыл шаруашылығы жүйесінде топырақ құнарлылығын сақтай отырып, экологиялық және экономикалық тиімді әрі ыңғайлы технологиялық моделдер мен дұрыс агротехникалық алгоритмдерді құрастыру жатады.

Зерттеу «Егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының» суармалы егіншілік бөлімінің тәжірибелік учаскесінде жалғастырылды (ҚЕЖӨШҒЗИ, Алматы облысы, Қарасай ауданы). Бұл биологизациялық ауыспалы егіс 1993 жылы Іле Алатауының тау бөктеріндегі орташа сазды, ақшыл – сарғылт топырағында салынған болатын.

1993 жылы тұрақты мекемеде салынған тәжірибеде жыртылатын топырақ қабатындағы қарашірінді мөлшері 1,92 – 2,1 % ал жылжымалы топырақ құрамы  $P_2 O_5$  – 30,5 – 40,0 мг/кг,  $K_2O$  – 340- 406 мг/кг болса, 2015 жылдың көктем мезгілінде зерттеулер қарашірінді мөлшерінің 2,02 – 2,05 %, жылжымалы фосфор 34,2 мг/кг, ауыспалы калий 312 мг/кг екенін көрсетті. Осы уақыт аралығында тәжірибелерде ешқандай химиялық өсімдік қорғау препараттары мен минералдық қоректік элементтері мүлдем қолданылған жоқ. Бұл көрсеткіштер биологизация тәсілінің топырақ құнарлылығын төмендетпейтіндігіне дәлел бола алады.

Жоғарыда аталып өткен топырақ отамалы дақылдар үшін орташа, дәнді дақылдар үшін толық құнарлықты қамтамасыз ете алады. Бұған ауыспалы егіс алқаптарында жасалған есептің нәтижесі дәлел бола алады. 3 жылдық жоңышқадан 80 ц/га көк балауса алынған және сидераттар жыртылған алқаптардан алынған дән өнімділігі: күздік бидай – 35,0 – 53,0 ц/га, дәндік жүгері – 60 – 80 ц/га, қытайбұршақ 23 – 32 ц/га, қант қызылшасы 450,0 ц тамыржемісі жиналды.

Ғылыми тәжірибе зерттеулерінде алынған нәтижелер негізінде қазіргі жағдайда қалыптасқан ауыл шаруашылығы өндірісінде жекелеген биологизация элементтерін кеңінен қолдану (ауыспалы егістерге, органикалық қалдықтары өсірілетін дақылдардың сидеральные мәдениет жасыл тыңайтқыштарға, топырақ өңдеу түрлеріне, тікелей себуге) суармалы жердердің тиімділігін арттырудың ең басты іс – шарасы болып табылатыны көрсетіп отыр.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Delmotte, S (Delmotte, Sylvestre); Participatory integrated assessment of scenarios for organic farming at different scales in Camargue, France agricultural systems p 143,147-158 10.1016/j.agsy .2015.12.009 MAR 2016

*Ғылыми жетекші: Амралин А.О .а.ш.ғ.к., доцент*